



010000, Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй  
тел: 55 66 31, 55 66 35, факс: 55 72 94

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11  
тел: 55 66 31, 55 66 35, факс: 55 72 94

№  
02.11.2017 № 7 ге

## Тұрақты комиссияның 2017 жылғы 2 қарашадағы қаулысы

### Атқарушы органдардың жобалаудың сапасын қамтамасыз ету және әлеуметтік нысандар мен тұрғын-үй нысандарын салу туралы

Астана қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы «Атқарушы органдардың жобалаудың сапасын қамтамасыз ету және әлеуметтік нысандар мен тұрғын-үй нысандарын салу туралы» мәліметін тыңдап, талқылаудан өткізгеннен кейін, қалалық атқарушы органдар тарапынан елорданың территориясындағы сәулет-құрылыс қызметі іске асырып жатқан әлеуметтік жобалардың сапасын жақсартуға белгілі шаралар қолданылып жатқанын айтып өтті.

Бірыңғай сәулет және қала құрылысы саясатын «Астана қаласының қала құрылысы кеңесі» жүзеге асырады. Олар қаланың магистралды көшелері мен алаңдарын құрастыруда бөлінбес бөлшегіне айналатын нысандардың барлық эскиздік жобаларын қарастыратын болады. Эскиздік жобалар «ҒЗЖИ «Астанагенплан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен Қазақстан Республикасы территориясында қолданылатын құрылыс нормалары мен ережелерінің (ҚНМЕ) қала құрылысының талаптарына сай қорытынды алады.

«Астана қаласы сәулет және қала құрылысы басқармасы» мемлекеттік мекемесінде сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі нысандарының мониторингі үнемі жүргізіліп тұрады. Бұл өз кезегінде жер телімін игеруден бастап, жобалауды бастау мен нысанды пайдалануға бергенге дейінгі процесті қадағалауға мүмкіндік береді.

Жеке және заңды тұлғалардың рұқсат құжаттарын рәсімдеу, және рұқсат құжатынсыз құрылыс жұмыстарын бастау, бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаға сай болмаған құрылыс фактілерін анықтау мақсатында жобалау және құрылыс нысандарының мониторингі жүргізіліп жатыр. 2017 жылы жеке және заңды тұлғалардан рұқсат құжаттарын дайындау бойынша келіп түскен 3658 өтініш пен хаттар қабылданып, өңдеуден өткізілді.

Атқарушы органдардың Астана қаласының құрылысы кезекті жоспары аясында өткізілген мониторинг нәтижесі бойынша, 2017 жылдың 9 айында 4194 нысан тексерістен өтті, оның ішінде рұқсат құжатынсыз құрылыс бастау бойынша 243 заң бұзушылық фактісі, бекітілген жобалық құжаттарға сәйкес келмеу фактісі, және жер телімін мақсатқа сай пайдаланбау жағдайлары анықталды. Жеке және заңды тұлғалардың өтінішімен 8739 жерге мүлікті заңдастыру мәселесі бойынша барды.

«Астана қаласы құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі берген мәліметке сәйкес, нысандардың құрылысы және жобалау сапасын жандандыруды бақылау шаралары қолға алынды. Барлық нысандарда қасбеттерді әрлсуде қолданылатын құрылыс материалдарының сапасы, пайдалану шарттары мен елорданың климаттық жағдайына жауап беретін заманауи өңдеу материалдарын қолдану мәселесі бақылауға алынды.

Құрылыс компанияларының қызметін үйлестіру жұмыстары қолға алды. Әлеуметтік нысандардың сапасы мен құрылыс мерзімін қадағалау қатаң бақылауға алынды. 2017 жылы 5 мектептің жанама құрылысы, 240 орындық балабақша құрылысы аяқталды, 8700 орындық 8 жалпы білім беру мектебінің құрылысы басталды. 2020 жылға дейінгі аймақтарды дамыту Бағдарламасын іске асыру барысында жалпы ауданы 12,2 мың шаршы метр болатын 198 пәтері бар 2 көппәтерлі тұрғын-үй кешені пайдалануға берілді. «Нұрлы жер» тұрғын-үй құрылыс Бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында ағымдағы жылда жалпы ауданы 53,1 мың шаршы метрді құрайтын 984 пәтерлік несиелік тұрғын-үйдің құрылысы жалғасуда, құрылысты қаржыландыру квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қарыз қаражатынан бағалы қағаздар шығару арқылы іске асуда.

Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын қамтамасыз ету мақсатында 2017 жылдың 10 айында 1391 құрылыс-монтаж жұмыстары басталғаны туралы хабарлама тіркелді. Құрылыс бастау туралы хабарламала беру динамикасының көбейгені байқалады. Бұл өз кезегінде заңсыз құрылыс жасауға байланысты қолданылатын шаралардың тиімділігінің артқанын көрсетеді. Ағымдағы жылда 494 субъекті жалпы соммасы 86 922 878 теңгені құрайтын әкімшілік жауапкершілікке, әкімшілік сотқа 336 субъекті соммасы 24 717 123 теңгені құрайтын жауапкершілікке тартылды.

Заңсыз құрылысты мойындау және жоюға қатысты талап түсірудің сот тәжірибесі жолға қойылды. 2017 жылы сотқа нысандардың құрылысын тоқтату, қолданысқа берілу және жою туралы жеке және заңды тұлғалардың атына 19 талап келіп түскен. Әкімшілік сот арқылы 16 құрылыс лицензиясы тоқтатылды, 7 құрылыс лицензиясы сотпен алынды. Сот орындаушылары мен соттың заңды күшіне енген шешімдерін мәжбүрлі түрде іске асыру жұмысы жүргізілуде. 2016 жылы 32 техникалық қадағалау аттестатының жарамдылығы өз жауапкершілігін лайықсыз атқарғаны үшін тоқтатылды. Уақытылы пайдалануға берілмеген және рәсімделуі қиын сатып алынған тұрғын-үйлерге, тұрғындардың тарапынан шағым түскен проблемалық нысандарға қатысты шаралар қолданылуда. 100-ге тарта проблемалық нысандардың құрылысы

аяқталып, 380 мың шаршы метр қолданысқа берілді, 6370 адам баспанамен қамтылды.

Құқық қорғау және мемлекеттік органдардың бірлесуімен заңсыз баспананы сату фактілерін анықтау жұмыстары жүргізілуде. 2015-2017 жылдары аралығында құрылыс компаниялары басшыларының алаяқтық және заңсыз кәсіпкерлікпен айналысу фактілері бойынша 28 қылмыстық іс қозғалды, 30-дан астам лауазымды тұлғалар сотталды. Қазіргі сәтте 52 нысан бақылауға алынды.

Салынып жатқан тұрғын-үй кешендеріндегі пәтерлерді заңсыз сатудың алдын алу мақсатында Астана қаласы прокуратурасы ағымдағы жылдың қазан айында тиісті рұқсатнамасыз пәтерлерді жарнамалайтын және сататын құрылыс компанияларына қатысты алгоритм жасады.

Сонымен қатар, Астана қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын-үй коммуналды шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының айтуы бойынша, қолға алынған іс-шараларға қарамастан, қала құрылысы қызметін реттеуге қатысты сұрақтар әлі де жақсартуды талап етеді.

Жаңа жоспарланған аудандарда жасалған заттық зерттеулердің мониторингі барысында мекемелердің жобалық-сметалық құжаттарының және құрылыс нысандарының сәйкес болмауымен байланысты заң бұзушылықтардың саны көбеюде. Аталмыш заң бұзушылық жобадан ауытқуға және салмақ түсетін құрылымның қабілетін жоюға әкеліп соғуы мүмкін.

Үлескерлік құрылыстың негізгі проблемалары үлескерлердің тиісті рұқсатынсыз қаражат тарту, салушылардың өз жауапкершіліктерін орындамау, қаражатты мақсатсыз пайдалану болып табылады.

«Астана қаласы мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесі штаттық құрамы 20 бірлікті құрайды, тек қана 9 қызметкер 1850 құрылыс нысандарын, оның ішінде бірегей және де техникалық күрделі нысандарды тексерістен өткізетін маман болып табылады. Мамандардың аздығы барлық нысандарды қамтуға мүмкіндік бермейді.

Алданған үлескерлермен жұмыс «Астана қаласы мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің жауапкершілігіне кірмейді, үлескерлерден келіп түскен шағымдардың көптігіне байланысты жұмыс уақытының көп бөлігін алады.

«Астана қаласы мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің салушылардың иелігіндегі немесе жалға берілген жер телімдеріндегі заңсыз құрылыстың алдын алуға тікелей немесе пәрменді өкілеттілігі болмағаны үшін өз еркімен жасалатын құрылысты ауыздықтау мүмкін болмай тұр.

Сапасыз жобалау құрылыс кезіндегі ең негізгі проблема болып табылады. Құрылыс кезіндегі жобалық-сметалық құжаттардағы көптеген сәйкессіздіктердің тапсырыс беруші тарапынан еленбеуі, жобалау ұйымдарының жоба жасағанда заң талаптарын ескермеуі, және қателіктерді жоюға қатысты шешім шығармауы әлеуметтік және тұрғын-үй нысандарының сапасыз салынуының басты себептері.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **қаулы етті:**

1. Қалалық атқарушы органдардың «Атқарушы органдардың жобалаудың сапасын қамтамасыз ету және әлеуметтік нысандар мен тұрғын-үй нысандарын салу туралы» мәліметін ескеру.

2. **Астана қаласы әкімдігіне** ұсыныу:

Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалауды қамтамасыз ету қызметін, және елорда аумағындағы сәулет, қала құрылысы мен құрылыс қызметіне лицензия және аттестация беру ісін жандандыру.

Тапсырыс беруші, авторлық қадағалау, техникалық бақылау, және мердігер ұйымдардың бірлескен әрекеті мен құрылыс нысандарын жобалау және құрылысы кезінде заңды ұстануын қадағалау.

Нысандардың қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету үшін жобалаудың сапасын арттыруды бақылауды күшейту.

«Астана қаласы сәулет және қала құрылысы басқармасы» мемлекеттік мекемесі жобалық құжаттамалар аясында заң талаптары және қала құрылысы нормативтерін сақтауға байланысты мониторинг өткізу.

«Астана қаласы мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесі жеке және заңды тұлғалардың жобалау-ізвестіру, және эксперттік жұмыстарына, тапсырыс берушілердің техникалық бақылау қызметіне, авторлық қадағалауға, жоба әзірлеушілердің Қазақстан Республикасы аумағында қолданылатын мемлекеттік және мемлекет аралық нормативтерді сақтауында қадағалауға бақылау жүргізу.

«Астана қаласы құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі және «Астана қаласы автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесі нысандардың жобасын халықтың аз қозғалатын топтарына қолжетімді етіп жасауын тапсыру.

3. Қолданыстағы қаулының жүзеге асырылуын бақылауды Астана қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияға тапсырылсын.

**Астана қаласы мәслихатының  
құрылыс, экология, көлік, сауда  
және тұрғын-үй коммуналдық  
шаруашылық мәселелері  
жөніндегі тұрақты комиссия төрағасы**



**С. Жүнісов**